



Аналитикалық журналистика: мазмұны мен қолдану аясы туралы критерилер





Отандық БАҚ арасында қаржы, экономика және бизнес саласында («Деловой Казахстан», «Капитал», «Forbes Kazakhstan», «Atameken Business», «Эксперт Казахстан» және т.б.) тауашалық аналитиканың бар болуына қарамастан басқа салаларда, соның ішінде саясат, әлеуметтік даму, мәдениет және т.б. салаларда аналитикалық жұмыстар жоқтың қасы.

Дегенмен, The Economist, Wall Street Journal, NYTimes және басқа көптеген әлемдік БАҚ үшін терең зерттелген аналитикалық материалдарды жариялау негізгі қызмет түріне жатады. Бұл баспаларда аналитикалық материалдар бәсекеге қабілетті болып саналады.

Атап кететін жәйт, бұл басылымдардың тұрақты оқырмандары қарапайым оқырман емес. Олар тұрақты және ақылы түрде журналистік материалдарды тұтынатын оқырмандар.

Аталмыш басылымдардың аналитикалық мақалаларының ерекшелігін атап өткен жөн болар:

- нақты мақсат пен болжамды анықтау
- аргументтердің дәлдігі мен нақтылығы
- ғылыми әдістерді пайдалану
- дереккөздердің айқындылығы
- баяндаудың дедуктивті стилі және контенттік өңделу
- пайдалану аясы



НАҚТЫ МАҚСАТ ПЕН БОЛЖАМДЫ АНЫҚТАУ

Аналитикалық материалдар орын алған жағдайға немесе жақын арада болатын оқиғаға түсіндірме береді. Сонымен бірге оқиғалардың маңыздылығы мен олардың контекстіне түсіндірме беріледі.

Біріншіден алдын ала болжам құрылса, содан кейін алғашқысына кереғар альтернативті болжам жасалады. Бұл тәсіл арқылы автор өзінің алғашқы болжамын дәлелдей отырып, оған қарсы дәйектер табады. Яғни, аталмыш тәсіл қолданылған аргументтердің күшті және әлсіз тұстарын анықтауға көмектеседі.

Мысалы, Нобель сыйлығының лауреаты, танымал экономист Пол Кругман өзінің NYTimes бағанында «керіден» түсіндірмелерін жиі қолданылатынын айтады. Бұл тәсіл оқырмандарға қолданысқа енгізілген экономикалық шаралардың қажеттілігін нақты түсіндіреді.



АРГУМЕНТТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ МЕН НАҚТЫЛЫҒЫ

Аналитикалық мақаланың құрылымында маңыздысы келтірілген аргументтер болып саналады. Аналитикалық мақалаға қосылған кез-келген маңызды мәселеге қатысты ұзақ дебаттар қарастырылған. Сол себепті мақала авторы аталмыш мәселеге қатысты бірқатар сарапшылардың пікірін қосы береді. Пікірлердің негізіне осы уақытта дау туғызған ойлар да қосылады.

Маңызды сұрақтардың тізбегін анықтағаннан соң журналист алдағы пікір-таластардың логикасын құрады. Нақты және аргументтері көрсетілген «тезистер» мен «антитезистер» жасалады.

Сонымен қатар, белгілі бір қортындыға алып келетін ғылыми тексерілген әдістеме негізінде өзіндік бағалау беріледі. Сондай-ақ, аталмыш мәселе бойыша ұқсас мақалалармен салыстыру жасалып, ерекшеліктердің неліктен нақты екендігі түсіндіріледі.




ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ



Шетелдік басылымдар аналитикалық мақалаларының әдістері көп жағдайда индукция мен дедукцияға, негізгі зерттеу байланыстарына, синтез, анализ (барлық қырынан қарастыру, нақты бөлімдерін көрсету, жалпы мен жалқының үйлесімділі), жүйелікті, классификацияны, топтастықты, типологацияны қосатын жалпығылымдық процестерге арналған.

Анализдің стратегиясы кейбір оқиғалардың жалпы заңдылықтарын анықтау болып саналады. Кейін бұл белгілі бір белгілер мен критерийлер бойынша топталады.

ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ



Жалпы алғанда журналистикада библиография пайдаланбайды. Алайда, аналитикалық жұмыс барысы сондай деректерді пайдаланады. Сол арқылы оқырман ақпараттардың қайдан келгенін және автордың сол тұжырымда қалай жасағанын көреді. Сол себепті, анонимді дереккөздер мен белгісіз адамның куәландыруына сілтемелер пайдаланбайды.

The Economist статистикалық мәлеметтері графика түрінде жарияланады. Графикаларда дереккөз, дереккөздің жарияланған күні көрсетіледі.



БАЯНДАУДЫҢ ДЕДУКТИВТІ СТИЛІ ЖӘНЕ КОНТЕНТТІК ӨҢДЕЛУ

Егер ақпараттық жаңалықтарда оқиғалар жалқыдан жалпыға өтіп қарастырылатын болса, аналитикалық мақалада барлығы керісінше – жалпыдан жалқыға қарай. Мақала авторы глобалды деңгейдегі фактыларды қозғап, оларды ғылыми дәлелденген нәтижелерге дейін көтеріп сараптайды.

Жалпы белгіленген стильмен қатар мақала авторы өзіндік контенттік өңдуді де пайдаланады. Мысалы, мақала мәтіні болған қиғаға байланысты нақты әлеуметтік портретке бағытталады. Сонымен қатар, оқырманның жас мөлшеріне қарай түсінікті мысалдар, цитаталар мен фактілер пайдаланылады.



ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

Аналитикалық журналистика – БАҚ кез-келген саласында қолданылатын, жұртшылыққа саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірді түсіндіру үшін жасалатын өзіндік сфера.



Сонымен қатар, аналитикалық журналистиканың мақалалары апталық басылымдарда немесе интернет БАҚ-тың авторлық аналитикалық бағандарында, яғни басылым жиілігі аз басылымдарда жарияланады. Сондай-ақ, апталық ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар да аналитикалық журналистиканың элементтерінен тұруы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандықтар арасында аналитикалық журналистикаға деген сұраныстың артуы біріншіден, баспа басылымдары мен интернет-БАҚ үшін «мүмкіндіктер мекені».

Аналитикалық журналистиканың дамуы БАҚ кадрлық саясатына, өз көзқарасы бар білікті журналистердің таңдалуына тікелей байланысты.

Сапалы зерттеулердің жүргізілуі үшін зерттеуші -журналистерге әдістемелік оқыту мен техникалық қамтамасыз ету қажет.

